

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОМИТЕТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
№6 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

12.02.2025 ж.

Қатысқандар: Факультет деканы А.Өзтүрк, Факультет ОӘК төрағасы М.Талдыбаева, деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Сүйінжанова, ғылым және халықаралық қатынастар ісі жөніндегі орынбасары Е.Алашбаев, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ю.Алимова, «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі С.Бейсембаева, «Жалпы академиялық ағылшын тілі» кафедрасының меңгерушісі Б.Турлыбеков, «Түрік филологиясы» кафедрасының меңгерушісі К.Семиз, «Ағылшын филологиясы және аударма ісі» кафедрасының меңгерушісі А.Ермекбаева, «Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының меңгерушісі Л.Қазыханқызы, «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі Ж.Исаева, факультет СМЖ жұмысына жауапты Ы.Нурмагомбетова, кафедраның ОӘК жауапты төрайымдары, факультет ОӘК хатшысы А.Құрбан.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдау.
2. ББ білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг нәтижелерін талдау.
3. Көктемгі сессия емтихан түрлерін, талқылау, бекітуге ұсыну
4. Әр түрлі мәселелер

1. ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдау.

ОӘК төрағасы М. Талдыбаева білімгерлердің оқу процесіне, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнаманың негізгі нәтижелерін таныстырды. Талдау барысында студенттердің оқыту сапасына оң баға бергені анықталды, алайда бағалау саясаты мен оқу жүктемесінің теңгеріміне қатысты кейбір ескертулер айтылды.

Факультет ғылым және халықаралық қатынастар ісі жөніндегі орынбасары Е.Алашбаев сауалнама нәтижелері білім беру сапасын жақсартуға бағытталған маңызды кері байланыс екенін атап өтті. «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі С.Бейсембаева және «Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының меңгерушісі Л.Қазыханқызы бағалау критерийлерін нақтылау және студенттерге әдістемелік қолдау көрсету қажеттігін ұсынды.

Талқылау нәтижесінде оқу-әдістемелік құралдарды жетілдіру, студенттердің жүктемесін оңтайландыру және бағалау саясатына қатысты ұсыныстарды қарастыру туралы шешім қабылданды.

ШЕШІМ: Сауалнама нәтижелері ескеріліп, оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныстар әзірленсін. Кафедралар бағалау саясатын жетілдіру және оқыту сапасын арттыру бойынша нақты ұсыныстар енгізсін. **(Жауапты: кафедра меңгерушілері).**

2. ББ білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг нәтижелерін талдау.

ОӘК отырысында факультет деканы А. Өзтүрк академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілері бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерімен таныстырып, қабылданған шаралардың әділдігін бағалау қажеттігін атап өтті.

ОӘК төрағасы М. Талдыбаева мониторинг нәтижелерін баяндап, академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілері тіркелмегенін мәлімдеді. Ол студенттерге емтихан барысында академиялық адалдық нормалары мен тәртіптері түсіндірілгенін және алдын алу шаралары жүргізілгенін айтты.

Факультет СМЖ жұмысына жауапты Ы. Нұрмағамбетова қабылданған шаралардың әділдігіне қатысты жүргізілген мониторинг қорытындысы оң нәтиже көрсеткенін жеткізді.

ШЕШІМ: ББ білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне жүргізілген мониторинг нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын. (Жауапты: факультет әкімшілігі).

3. Көктемгі сессия емтихан түрлерін, талқылау, бекітуге ұсыну

ОӘК төрағасы М.Талдыбаева көктемгі сессияда қолданылатын емтихан түрлері бойынша ұсыныстарды талқылауға ұсынды. Пәндердің мазмұны мен оқыту нәтижелеріне сәйкес бағалау әдістерін дұрыс таңдаудың маңыздылығы атап өтілді.

Факультет деканы А.Өзтүрк емтихан түрлерін бекітуде академиялық әділдік пен бағалаудың ашықтығын қамтамасыз ету қажеттігін айтты. Деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Сүинжанова практикалық пәндер бойынша емтихандардың жазбаша немесе тәжірибелік форматта өткізілуіне қатысты ұсыныстар жасады.

Талқылау барысында факультет кафедра меңгерушілері пәндерге сәйкес бағалау әдістерін талдап, кейбір емтихан түрлерін қайта қарау туралы пікірлерін білдірді. Нәтижесінде мамандыққа байланысты пәндердің бір бөлігі жазбаша түрде, ал кейбірі электрондық тестілеу немесе ауызша емтихан түрінде қабылданатыны келісілді.

ШЕШІМ: Көктемгі сессия емтихан түрлері бекітілсін. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

4. Әр түрлі мәселелер

4.1 Факультет деканы А.Өзтүрк «Жалпыакадемиялық ағылшын тілі» кафедрасының аға оқытушылары Г.Ш.Якияева мен Қ.Х.Ағайдарованың «English for Intermediate students» атты оқу-әдістемелік құралымен таныстырды.

Г.Ш.Якияева мен Қ.Х.Ағайдарованың «English for Intermediate Students» оқу-әдістемелік құралында оқу материалдары мен тапсырмалар білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға бағытталған. Бұл құрал ағылшын тілін меңгеру процесін жеңілдетіп, білімгерлердің алған білімдерін терең түсініп, тиімді қолдануына мүмкіндік береді. Оқу материалы құрылымы жағынан жүйелі түрде беріліп, әрбір тақырып нақты әрі түсінікті түрде баяндалған. Білім алушылардың тақырыпты жан-жақты меңгеруі үшін теориялық материалдардан кейін оны бекітуге арналған пысықтау сұрақтары, түрлі практикалық тапсырмалар және ойлануға бағытталған рефлексиялық жаттығулар молынан қамтылған.

М.Талдыбаева сөз алып, Г.Ш.Якияева мен Қ.Х.Ағайдарованың «English for Intermediate students» атты оқу-әдістемелік құралы сараптамадан өтіп оң пікір алғанын айтып, антиплагиат жүйесінің анықтамасы, ішкі және сыртқы пікірлерімен таныстырды.

Талқылай келе, Г.Ш.Якияева мен Қ.Х.Ағайдарованың «English for Intermediate students» атты оқу-әдістемелік құралы жоғарғы оқу орындарында ағылшын тілін B2 деңгейі бойынша қажетті құрал, факультеттің оқу-әдістемелік комитетіне ұсынуға болады деп оң пікір білдірді.

ШЕШІМ:

4.1 «Жалпыакадемиялық ағылшын тілі» кафедрасының аға оқытушылары Г.Ш.Якияева, Қ.Х.Ағайдарованың «English for Intermediate students» атты оқу-әдістемелік құралы бекіту үшін университеттің оқу-әдістемелік комитетіне ұсынылсын.

Факультет ОӘК төрағасы

Талдыбаева

М.Талдыбаева

ОӘК хатшысы

Құрбан

А.Құрбан